



Жауапкершілік жүгі жеңіл емес

2



Шайдай ашық Ақмешіттің аспаны

4



Облыс тұрғындарының назарына!

Қазақстан Республикасы Президентінің «Орталық атқарушы органдар басшыларының, әкімдердің, ұлттық жоғары оқу орындары ректорларының халыққа есеп беру кездесулерін өткізу туралы» 2016 жылғы 5 ақпандағы №190 Жарлығына сәйкес, облыс әкімі Қ.Д.Ысқақовтың 2020 жылғы 19 ақпан күні сағат 11.00-де Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрында халыққа есеп беру кездесуі өтеді. Сонымен қатар, 2020 жылғы 14 және 18 ақпан күндері сағат 10.00-18.00 аралығында жеке және заңды тұлғалардың өкілдеріне жеке сұрақтары бойынша қоғамдық қабылдау өткізіледі. Азаматтарды қабылдау облыс әкімдігі ғимаратының 1-қабатында өткізіледі. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, № 1. Байланыс телефондары: +7 7242-40-11-91 (ішкі 7030, 7049).

ПРЕЗИДЕНТ

Үкімет басшысын қабылдады

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Премьер-Министр Асқар Маминді қабылдады.

Асқар Мамин Мемлекет басшысына еліміздің 2020 жылдың қаңтар айындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары және инвестиция тарту мәселесіне орай қабылданып жатқан шаралар туралы есеп берді. Үкіметтің 2019 жылдың қорытындылары жөніндегі кеңейтілген отырысында берілген тапсырмаларының орындалуы жайында баяндалды.

Сонымен қатар Премьер-Министр Президентке Жамбыл облысы Қордай ауданында болған оқиғаның салдарын жою жөніндегі Үкіметтік комиссияның жұмыстары туралы айтты.

Б.Сапарбаев – Жамбыл облысының әкімі

ҚР Президентінің Жарлығымен Бердібек Сапарбаев Жамбыл облысының әкімі қызметіне тағайындалды. Ол Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары қызметінен босатылды, деп хабарлайды ҚазАқпарат Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Бердібек Мәшбекұлы Сапарбаев 1953 жылы 9 ақпанда Қызылорда облысы Жаңақорған ауданында дүниеге келді. 1977 жылы Алматы Халық шаруашылығы институтын «Экономика және материалдық-техникалық жабдықтау» мамандығы бойынша бітірді. Экономика ғылымдарының докторы, профессор.

Б.Сапарбаев бұған дейін Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Шығыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарының әкімі, Кедендік бақылау комитетінің төрағасы, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары қызметтерін атқарған.

Заң аясында жауап береді

Қазақстан Президенті Ішкі істер министріні қабылдады.

Мемлекет басшысы Ішкі істер министрі Ерлан Тұрғымбаевтың Жамбыл облысы Қордай ауданындағы жағдайды тұрақтандыруға байланысты қабылданып жатқан шаралар жайында есебін тыңдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев министрге облыстағы ахуалды қатаң бақылауға алып, азаматтардың қауіпсіздігіне және еліміздің абыройына нұқсан келтіретін осындай оқиғаларға жол бермеу мақсатында құқықтық тәртіпті қамтамасыз етуді тапсырды.

Қоғамдық тәртіпті бұзып, кісі өліміне және дүние-мүлкінің бүлінгіне әкеп соқтырған бұзақылар заңға сәйкес жауапкершілікке тартылуы тиіс.



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газеті

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

11 ақпан, СЕЙСЕНБІ 2020 ЖЫЛ



№21 (19897)

Абай жаққан бір сәуле сөнбеу үшін

Сыр өңірінде халқымыздың ұлы перзенті Абай Құнанбайұлының 175 жылдығын атап өтуге арналған шаралар «Абай» спектаклінен бастау алды. Биыл бірқатар ауқымды мәдени жиынның негізгі тақырыбы да ұлттың жана әдебиетінің негізін қалаушы ұлы ақын мерейтойына қатысты болмақ. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық мәдениет, мұрағаттар және құжаттама басқармасының басшысы Мира Әбуова тарқатып айтты.

Айдана ЖҰМАДИНОВА.



Сондай-ақ, бұл жылы хәкім тойымен қатар көшпенділердің алып империясы – Алтын Орданың 750 жылдығына, екінші дүниежүзілік соғыстағы Жеңістің 75 жылдығына орай түрлі деңгейдегі мәдени-көпшілік шаралар ұйымдастырылады.

– Нартай Бекежанов атындағы облыстық қазақ академиялық музыкалық драма театрында «Абай» спектаклі ай сайын қойылмақ. Сондай-ақ, Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап-ғылыми кітапханасында «Кемеңгерліктің биік шыңы – Абай» тақырыбымен кеңейтілген тұрақты көрме ашылды. Осы айдың 12 ақпан күні Салихитдин Айтбаев

атындағы көркемсурет галереясында ұйымдастырылатын Абай Құнанбайұлының және Алтын Орданың мерейтойына арналған «Ананат жайған руханият» атты тақырыптық көрме өтеді, өңір тұрғындарын соны тамашалауға шақырамын. Айта кету керек, Абай Сырда өмір сүргенімен, бізде портреттері және өзі пайдаланған шағын шақырамын, – делі Мира Рақымжанқызы.

Ұлы ақынға қатысты Жемігерлер өзі туып-өскен Семей өңіріндегі мұражайларда көбірек жинақталатыны рас. Сондықтан облыс халқының Абай әлемімен жақын танысуы үшін 21 ақпандан бастап Семей қаласынан арнайы

шақыртумен мемлекеттік қорық-музейі Сыр еліне келеді. Он күн бойы «Абай – дана, Абай – дара қазақ» көшпелі көрмесі өткізіледі. Ақын мерейтойына арналған ауқымды шаралардың бірі – «Даналыққа құрмет, ерлікке тағзым» атты республикалық ақындар айтыс болмақ. Бүгінде барлық облыстарға жыр додасы туралы хабарландыру таратылып, қатысатын ақындар тізімі жасалған.

Мерейтой аясында алғаш рет Қызылордада Ахмет Жұбанов, Латиф Хамидидің «Абай» операсынан үзінді қойылып, «Көзімнің қарасы» атты облыстық вокалистер конкурсы өткізілмек. Солистердің

барлығы облыстық филармония әншілері мен студенттер. Жанды дауыста өткізіліп, үлкен шеберлікті талап ететін операға дайындық жұмыстары қарқынды, Шымкент қаласынан арнайы режиссер де шақырылған.

Сондай-ақ, биыл аймақта композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев атындағы I халықаралық «Туған жер», әнші-композитор Б.Шөкенов атындағы «Отан-Ана» республикалық конкурстары, Ұлттық домбыра күніне орай «Ғасырлар пернесі» атты республикалық күйшілер байқауы және дәстүрлі «Жүрек жылуы» мүмкіндігі шектеулі балалар мен жастардың фестивалі өткізіледі.

ТОЛҒАНДЫРҒАН ТАҚЫРЫП

«КОРОНАВИРУС» ҚОРҒАНУДЫҢ ЖОЛЫ ҚАЙСЫ?

Дүйім дүниені дүрліктіріп, дүрбеленге салып, үрей туғызып тұрған соңғы кездердегі оқиға – «Коронавирус». Коронавирус сөзі «стабигат апаты», «қаржы дағдарысы», «тerrorизм», «зілзала», «цунами» және т.б. қорқынышты сөздерден де қатерлі болып әлемдік деңгейдегі ең өзекті мәселеге айналып барады. «Бақсақ, бақа екен» дегендей, мәселенің байыбына барып, зерттей бастағандағы білгеніміз мынау. Ауру қоздырғышы – вирус. Табиғатта ауру тудыратын микроорганизмдер өте көп: бактериялар, коккалар, бациллалар, рикетсиялар, хламидиялар, саньярауқулақтар, микоплазмалар, вирустар деп тізбектеліп кете береді. Бұлардың ішіндегі ең күрделілерінің біріне вирустар жатады. Вирустар басқа микробтарға қарағанда ең ұсақтары, егер басқа микробтарды микроскоппен ғана көретін болсақ, ал вирустардың ұсақтығы соншалықты оларды тек электронды микроскоппен ғана көруге болады.

Вирустардың басқа микроорганизмдерден ерекшелігі сол, олар бактериялар өтпейтін арнаулы сүзгілерден өтіп кетеді, зертханаларда қолдан жасалған жасанды коректік орталарда өсіп-дамымайды, тек тірі торшаларда ғана тіршілік етеді, тірі немесе структурасы алдын ала бұзылып, ұнтақталған ұлпаларда, тауық

жұмыртқасының эмбрионында ғана өсіп-өне алады. Вирустарды 1842 жылы Д.Ивановский ашқан болатын. Алғашқыда оларды вирустар, яғни «у» деп атады. Қазір олардың түрі 200-ден асып кетті. Вирустарды зерттейтін ғылымды вирусология деп атайды. Құрамындағы қышқыл түріне байланысты Рибонуклеинді (РНҚ)



және дезакририболнуклеинді (ДНК) деп екі топқа бөледі. Вирустарда өз кезегінде ортапоксвирус, герпесвирустар, аденовирустар, парвовирустар, реовирустар, парамиксовирустар, ортомиксовирустар, коронавирустар және т.б. болып бөлініп кете береді. 3-бет.

БӘРЕКЕЛДІ!

Жыр додасының жампозы

Абайдың 175 жылдық мерейтойына арналған «Адамзаттың алыбы – хакім Абай» атты республикалық ақындар айтысында жерлесіміз, «Алтын домбыраны» екі дүркін иегері Мұхтар Ниязов жеңіске жетті.


Назерке САНИЯЗОВА.



Жыр додасы «Nur Otan» партиясының бастамасымен, Мәдениет және спорт министрлігінің, Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің қолдауымен елордада өтті. Онда 16 ақын өзара сынаға түсіп, хакім Абайдың асыл ойлары мен артында қалған өшпес мұрасын кенінен толғады. Айтысты халықаралық жыршы-термешілер және айтқыш ақындары одағының төрағасы Жүрсін Ерман жүргізсе, сөз зергерлерінің өнерін ақын, мемлекеттік сыйлықтың иегері Несіпбек Айтұлы бастаған қазылар алқасы бағалады. Нәтижесінде бас жүлдені Мұхтар Ниязов, бірінші орынды да сырбойылық Мейірбек Сұлтанхан иеленді. Екінші орынды Еркебұлан Қайназаров пен Серік Қуанған, ал үшінші орынды Тілеген Әділов, Әсем Ережеқызы, Рауан Қайдаровтар олжалады.

– Бұрын ақындар жұбы алдын ала анықталатын. Бұл жолы жеребенің көмегіне жүгіндік. Кіммен сөз жарыстыратынымызды сахнаға шыққанға дейін білген жоқпыз. Жұпты залдағы көрермен өздері анықтап берді. Бұл ерекшелік айттың әліл әрі шынайы өтуіне септігін тигізді, – дейді бас жүлде иегері.

Қарағандылық Айтбай Жұмағұлов және моңғолиялық Серік Қуанғанмен сайыста оза шапқан ол Сыр елінің даңқын тағы бір мәрте биіктетті.



Бірлігімізге сызат түсірмейік

Жамбыл облысы Қордай ауданында болған жайт өзекті өртейді. Сол келесіздікте қаза болған жандардың отбасыларына қайғырып көңіл айтамын. Мен барлық қазақстандықтарды сабырлы болуға шақырамын.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың мәлімдемесі жасағанын білесіздер. Бұл оқиғаға қатысты кінәлі тұлғалар анықталып, заңға байланысты өз жазаларын алатын болады. Арнайы комиссия құрылып, бұл жайсыздықты толық бақылауда ұстап, өз шешімдерін шығармақ. Еліміздің басты байлығы – ұлттар бірлігі екенін ұмытпайық.

Елбасының бейбітшілік пен татулықты ту еткен саясатының арқасында осындай бейбіт күнді кешіп келеміз емес пе?

Ел бірлігінің сақталуына, дәрiптелуіне Қазақстан халқы Ассамблеясының да қосып келе жатқан үлесі бар. Осы секілді оқиғаларды тудыратын арандатушыларға жол бермеуіміз керек. Еліміздің айрандай ұйғыған ауыз-бірішілігін бұзғуға мүмкіндік бермеуіміз қажет.

Барлық қазақстандықтарды сабырлы болуға шақырамын. Осы жағдайды ескере отырып, қайта орын алмауының барлық амалдарын жасауға

тиіспіз. Бірлігімізді, бейбітшілігімізді бұзушылардың, ел ішіне ірікті салушылардың арам пияғылын кесе көлденен кесіп отырған абзал. Тәуелсіз Қазақстан шаңырағының астында қазақ, өзбек, орыс секілді жүзден аса ұлт-ұлыстар баянды ғұмыр кешіп келеді.

Ол – біздің бірлігіміздің, ынтымағымыздың арқасы! Сол себепті арандатуға ермей, барынша сабырлы бола білейік!

Геннадий ШИПОВСКИХ, ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты.

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Өздеріңізге күнбе-күн ақпарат ұсынушы газет сайты жақын арада жана кейіпке енебек. Дүние дидары сағат емес, минут емес, секунд сайын түрленген уақытта заман ағымына ілесу шарт. Басылымның электронды нұсқасын қатар алып жүруіміздің мәні осында. Бүгінде тоқсанның төріндегі «Сыр бойы» газеті сайтының контингенті қалыптасып үлгерді. Ондағы хабар-ошарды күніне 1500-2000 шамасында оқырман іздейді, қарады, оқиды.

Сайтты өздеріңізбен байланысты бұрынғыдан әрі арттыра түсу үшін өзгертіміз келді. Сіздер әлеуметтік желілердегі парақшаларымызға тіркелу арқылы да әлем, ел және өңір тынысынан хабарлар бола аласыздар. Одан бөлек, тәуір дүниелеріңіз бен назарға іліккен фото-видеожазбаларды да ұсынсаңыздар, мархаба! Сауалнамамызға қатысып, ой-қозқарас білдіруге де мүмкіндік бар.

Ендеше, сіздерді syrboi.kz сайтының жанарған нұсқасында күтеміз!





